**«Жалпы білім беретін Шежін орта» мектеп-бөбекжай-бақша» кешені» КММ**

**Хаттама 1**

«27» тамыз 2020жыл

**Қамқоршы кеңесінің жиналысы**

Төрағасының аты-жөні: Мукашев Абзал Узакпаевич
Хатшының аты- жөні: З. Нурмуханова
Қатысқандар: А. Жамбыл., Хайршаков А. К., Утешев О. К.,
Жумашева М.М. , Успанова А. С. Сержанова Г. Дуйсенгалиев Е. Н.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын бекіту.
2. «Қамқорлық- қайырымдылық » акциясының жұмысын жалғастыру.

Тыңдалды:

Сөз алған Қамқоршы кеңесінің мүшесі М. Жумашева: Құрметті қамқоршы кеңес мүшелері бүгін бірінші отырысымызды бас қосып отырмыз.

Күн тәртібінде қамқоршы кеңесінің жаңа құрамын сайлап, бекіту.

Екінші Қамқорлық акциясының жұмысын жалғастыру. Бұрынғы қамқоршы кеңесінің төрағасыТ Шакиров жұмысының ауысуына, қоныс аударуына байланысты бұл жұмыстан босатылады. Өз өтінішімізбен тоғыз адамнан тұратын жаңа құрамды құрды. Енді ортамыздан Қамқоршы кеңесінің төрайымын немесе төрағасын сайлап алайық. Кімді ұсынасыздар?

Сөз алған А. Хайршаков: Қарсы болмасаңыздар мен төрағалыққа А. Мукашевты өзін ұсынамын. Ол кісі бұл жұмыстың ретін жақсы біледі. Ауыл, мектеп өмірімен жақсы таныс. Өз ұсыныстарыңыз болса қалай қарайсыздар?

Қалған мүшелері барлығы осы ұсынысты бірауыздан қолдады. «Қарсы», «Қалыс» жоқ.
Сөз алған А. Мукашев: Қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастыру үшін бізге қаражат қажет. Сондықтан, әуелі демеушілер тартуымыз қажет. Жұмыла көтерген жүк жеңіл, мектебімізде аз қамтылған, көп балалалы, толық емес отбасы балаларына әлеуметтік көмекті жалғастыру қажет деп, алдағы іс-жоспарымен таныстырып өтті.

Шешім: 1. Қамқоршылық кеңес қызметі типтік ережеге және Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңының 44 бабы 9 тармағына сәйкес, « Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлану тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі бұйрығының 6, 7 баптары және « Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары , оның ішінде: Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 17 мамырдағы қаулысының 37- тармағы негізінде , Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың мамырында №299 бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы бұйрығын басшылыққа алынып құрылған. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің саны тақ, бір – бірімен және білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық туысы жоқ 9 адамнан сайланып, жылдық жоспары құрылып, бекітілген.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегідей:

Қамқоршылық кеңесінің құрамы :

Қамқоршы кеңесінің төрағасы: А. Мукашев , Шежін а/о әкім аппаратының статист маманы.

Қамқоршы кеңесінің мүшелері:

Қамқоршы кеңесінің мүшелері:

1. А. Жамбыл, Шежін ауылдық округінің әкімі
2.А. Хайршаков, Тасқала аудандық Спорт клубының директоры
3.М. Жумашева, Ата – аналар комитетінің төрайымы
4. З. Нурмуханова, Шежін ауылы балалар кітапханасының кітапханашысы
5. О. Утешев, ТОО «Эль Том Из» басшысы
6. Е. Дуйсенгалиев, жеке кәсіпкер
7. А. Успанова , ФАП, фельдшер
8.Г. Сержанова, ардагер ұстаз осы мүшелер бекітілсін.

2. Қайырымдылық жасауға демеушілер тартылсын.

Қамқоршы кеңесінің төрағасы: А. Мукашев

Хатшы: З. Нурмуханова